

болып қос байланыстарының көп мөлшерде кездесуі болып саналады. Ол каротиноидтарды полиендер тобына біріктіреді. Каротиноидтар майларда және липоидтарда ерігіш, сондықтан оларды липохромдар деп атайды [6].

HELIANTHUS TUBEROSUS гүліндегі биологиялық активті зат аминқышқылдары мен каротиноидтардың адам ағзасында алатын орны ерекше. Мысалы, белок молекуласындағы маңызды аминқышқылдарының бірі аргинин ісіктердің, соның ішінде қатерлі ісіктердің өсуін баяулатады. Бүйректегі азоттық алмасудың қалдық заттарын шығарып тазарту қызметін арттыруда да қолданылады. Ағзаның А дәруменіне мұқтаждығы табиғи каротиндердің есебінен айтарлықтай дәрежеде қамтамасыз етіледі. Каротиндерді тағамдарды және мал азықтарын дәрумендеу кезінде, терінің зақымдануын емдеуде және тағамның бояғыш заты ретінде пайдаланады. Топинамбур гүліндегі биологиялық активті заттар аминқышқылдары мен каротиноидтардың тамақ өнеркәсібінде, медицинада түрлі ауруларды емдеуде, фармацевтиканың дамуына отандық өнім ретінде ерекше маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ягодка В.С. Лекарственные растения в дерматологии и косметологии. -М, 2008. -98 с.
2. Налеев О.Н., Каржаубаев Е.К. Топинамбур. – Алматы: Апейрон, 2006. –219 с.
3. Ж.Сағындықов. “Топинамбур өсімдігі және оның емдік қасиеттері”. Алматы. 1999. 4-19 –б.
4. Емелина Т.Н. Комплексная переработка вегетативной части топинамбура с получением продуктов микробного синтеза. Диссертация на соискание ученой степени к.т.н. Красноярск-2003. -15-18-с.
5. Дорофеева Л.А., Ким Н.Ю., Рязанова Т.В., Чупрова Н.А. Исследования вегетативной части топинамбура. Оптимизация процесса получения экстрактов из вегетативной части топинамбура // Химия растительного сырья.-1998. -№2. -53 -57 – с.
6. Екутеч. Р.И. Разработка технологии получения инулина и пищевых волокон из клубней топинамбура. Автореферат. Краснодар-2010. -11-17-с.

ӘОЖ 37.015

<https://doi.org/10.53355/g4600-7972-8377-a>

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖАЛПЫ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДА СӨЙЛЕУДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ФУНКЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тагенова Г.С., дефектология мамандығы 4 курс студенті
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: gtagenova@bk.ru

Мақалада қарастырылып отырған қазіргі жаһандану заманында өзекті мәселеге айналып отырған - мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру. Баланың тілінің анық, әрбір дыбыстарды қажетінше дұрыс айтуы, толық сөйлеуі – мектепке дейінгі баланың болашақтағы табысты оқуының шарты десек артық болмасы анық. Мектепке дейінгі жас - дұрыс сөйлеуді қалыптастыру және олардың кемшіліктерін жою үшін ең қолайлы кезең болып табылады. Дыбыс айтудың күрделі бұзылуы басқа да ауытқуларға әкеп соғады.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, коммуникативті функция, түзету, сөйлеу тілі бұзылысы, технология.

В статье рассматривается проблема формирования коммуникативной функции речи у детей с общим речевым дефектом в дошкольном возрасте, ставшая актуальной в

современное время глобализации. Ясное, правильное произношение каждого звука, полноценная речь ребенка - это условие для успешного будущего обучения дошкольника. Дошкольный возраст - наиболее благоприятный период для формирования правильной речи и устранения их недостатков. Сложные нарушения звукопроизношения приводят и к другим отклонениям.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, коммуникативная функция, коррекция, речевые нарушения, технология.

The article deals with the problem of the formation of the communicative function of speech in children with a common speech defect in preschool age, which has become relevant in modern times of globalization. A clear, correct pronunciation of each sound, a full-fledged speech of a child is a condition for the successful future education of a preschooler. Preschool age is the most favorable period for the formation of correct speech and the elimination of their shortcomings. Complex violations of sound reproduction lead to other deviations.

Key words: preschool children, communicative function, correction, speech disorders, technology.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ бұйрығы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру қолға алынуда [1].

Қазіргі білім беру жүйесінде өзгерістердің орын алуы баршамызға белгілі жайт. Мектеп бағдарламасында берілген тапсырмалардың күрт қиындауына байланысты білім алушылар арасында қиындықтар туындап отыр. Осының бір айғағы ретінде техниканың күрт дамуы балалардың сөйлеу тілінің дамуына кедері келтіруде. Балалар арасында қарым-қатынастың дұрыс болмауы, сөздік қорының шектеулігі, ата-ана тарапынан баламен тікелей қарым-қатынасқа түспеу, ата-аналарың жұмыс бастылығының соңы балалардың жалпы тіл кемістігіне әкеліп соғуда. Баланың мектепке толықтай дайын болуын қамтамасыз ету үшін осы проблемалардың алдын алуды мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап жіті бақылауға алу қажет.

Мектеп жасындағы балалар жайында Е.А. Стребелева, А.Л. Венгер, Е.А.Екжанова, Г.В. Фаина А.Б. Елькеева, және т.б. ғалымдар мектеп жасына дейінгі балалардың әрекетін зерттеген [2].

Логопедия мәселесі төңірегінде теориялық негізін қалаған ғалымдарды атап айтар болсақ, Л.С. Волкова, Р.Е.Левина, Т.Б.Филичева, Г.В.Черкина, және т.б. ғалымдар сөйлеу тіліндегі түзету жұмыстарын қарастырған [3].

Біздің елімізде Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова, Г.С.Оразаева, Қ.Қ.Өмірбекова, Қ.Серкебаев, Г.Б.Ибатова, Г.М.Коржова, Г.М.Коржова, А.Қ.Жалмұхамедова, Г.Н.Төлебиева және т.б. ғалымдар жалпы тіл кемістігін зерттеген [4].

Алайда бұл еңбектерде мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру туралы ғылыми тұрғыда жеке мәселе ретінде зерттелмеген.

Демек, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясы мәселесіне талдау жасау оның негізгі қарама-қайшылығын ашуға мүмкіндік туғызды.

Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясының болмауы мен осы салада теориялық және әдістемелік жолдарын зерттеу арасында және сөздік қорының шектелуі мен қазіргі талаптар жүйесі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр. Қарастырылып отырған мәселенің теориялық және практикалық тұрғыда қажетті деңгейде ғылымға негізделген бірегей тұжырымдама, бағдарламалардың, әдістемелік кешендердің жоқтығы арасында көрсетілген қарама-қайшылық біздер зерттеуге алған проблеманың негізі және оны шешу жолында сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар

балаларда өз дәрежесінде зерттелмеуі, мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыруды баяндайтын жұмыстардың жоқтығы, оның көкейкестілігін көрсетіп, тақырыпты ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда қажетті деңгейде қарастырылмауы зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыруды теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу.

Зерттеу нысаны: Жалпы тіл кемістігі бар бала

Зерттеу пәні: Мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру

Зерттеу болжамы: егер, мектепке дейінгі мекемелерде балалардың сөйлеу тіліндегі кемістіктерін түзету толықтай қолға алынса; жалпы тіл кемістіктері бар балаларға түзетедамыту жұмыстарын жүргізу іс-жүзінде айқындалса; мамандар тарапынан түзету жұмыстары жан-жақты жүргізілсе, ата-ана тарапынан кері байланыс жасалса; онда мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістіктері бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясы қалыптасады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігіне сипаттау;
- Сөйлеудегі коммуникативті функциясының мәні айқындау;
- Жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастырудың ерекшеліктерін қарастыру;
- Жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру жолдарын талдау;
- Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру әдістерін эксперимент түрінде көрсету.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері:

Мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру мәселесіне байланысты әртүрлі еңбектер. Мектепке дейінгі тіл кемістігі бар балаларды түзету жайында әртүрлі ғалымдардың, педагогтардың еңбектері. Осы мәселені пайымдауға байланысты тіл кемістігі бар балаларды ойын түрінде түзетедамыта байланысты логопед мамандарына ұсынылатын еңбектер [5].

Зерттеу базасы: «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№14 «Айбөбек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі сипатталды;
- Сөйлеудегі коммуникативті функциясының мәні айқындалды;
- Жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастырудың ерекшеліктері қарастырылды;
- Жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру жолдары талданды;
- Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру әдістерін эксперимент түрінде көрсетілді.

Мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру тақырыбында әдістемелік материалдар ұсынылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: ұсынылған әдістемені пайдаланып балабақшада мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру кез келген логопед маманының пайдалану мүмкіндігінің болуы және зерттеу жұмысының нәтижесінде тұжырымдалған теориялық қағидалар, қорытындылар мен әдістемелік нұсқаулар мәселені тиімді шешуге әсерін тигізеді [6].

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі жалпы тіл кемістігі бар балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. «Тіл – халықтың ұлы байлығы». Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөзі арқылы қол жеткізіледі. Жасынан бастап балаларда тіл де, ойлау да дамиды. Алайда, тілі енді шыққан балалардың сөйлеген сөздері өзгелер үшін түсініксіз болады. Кейбір ата-аналар баланың бұрыс сөйлегенін қызық көріп, түзетуге көп мән бере бермейді. Бұл дұрыс емес жайт. Баланың сөзі ересектер мен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына байланысты дамиды. Баланың қозғалысы неғұрлым белсенді болса, сөйлеу тілі де соғұрлым қарқындылық танытады. Бірақ, осы құбылысқа ата-ана, орта дайын болса игі еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы 26.06.2021 ж. №56-VII ҚРЗ бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>.
2. Стребелева Е.А. Специальная дошкольная педагогика / Е.А. Стребелева. — М.: Academia, 2017. — 576 с.
3. Г.Б.Ибатова. Дыбыс айту түзетудегі дайындық кезеңіндегі логопедиялық жұмыс. Алматы 2014.
4. Қ.Қ.Өмірбекова, С.Ж.Өмірбекова. Фонетикасы, фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу. Алматы 2004.
5. Төребаева К.Ж., Балтымова М.Р. Логопедия негіздері. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2011. – 248 б.
6. Тихомирова О. В. Методика обучения и воспитания в области дошкольного образования: учебник и практикум для академического бакалавриата / О. В. Тихомирова. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Юрайт, 2018. — 155 с.

ӘОЖ 37.015

<https://doi.org/10.53355/n4798-3966-9763-y>

ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ДЕПРЕССИЯ, МАЗАСЫЗДЫҚ ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫ

Торғаева Н.Қ.

Ғылыми жетекші: Унгарбаева Ш.У., п.ғ.к.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ, Талдықорған қ.

E-mail: shnar09_76@mail.ru; nazerke.torgaeva@mail.ru

Мақалада жасөспірімдік шақта жиі кездесетін депрессия, мазасыздық және мінез-құлықтың бұзылыстары мәселесінің психологиялық аспектілері көрсетілген.

Тірек сөздер: депрессия, мінез-құлық, психикалық денсаулық, эмоционалдық бұзылу.

В статье рассматриваются психологические аспекты наиболее распространенных проблем, депрессии, тревоги и поведенческих расстройств в подростковом возрасте.

Ключевые слова: депрессия, поведение, психическое здоровье, эмоциональное расстройство.

The article deals with the psychological aspects of the most common problems, depression, anxiety and behavioral disorders in adolescence.

Key words: depression, behavior, mental health, emotional disorders

Психикалық бұзылулар әлемдегі 10-19 жас аралығындағы әрбір жетінші адамда байқалады, олар жаһандық тұрғыдан қарағанда осы жас тобындағы түрлі аурулардан зардап